

**"Мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 774 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 17-18, 88-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерінде:

"

Тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алым	тауарға арналған декларацияның негізгі парағы үшін 19000 т е н г е ; тауарға арналған декларацияның әрбір қосымша парағы үшін 7000 теңге
--	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алым	тауарға арналған декларация үшін 20000 теңге
--	--

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*